

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне аккредитивтердің қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1361 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:

001 "Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету", 009 "Мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы" кіші бағдарлама, 015 "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрес" бюджеттік бағдарламалары бойынша "Victory LTD" ЖШС-мен жасасқан 2004 жылғы 29 шілдедегі N 470, 471, 472, 474, 2004 жылғы 30 шілдедегі N 476 және 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 457 шарттарға сәйкес;

100 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іс-шаралар өткізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 18 қазандағы N 579 шартқа сәйкес;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетіне 015 "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрес" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Бронетанк жөндеу зауыты" РМК-мен жасасқан 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 108 шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ашқан аккредитивтердің қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 20 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі